

Объектілік ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Қарағанды облысы Шет ауданының әкімінің 2026 жылғы 24 тамыздағы № 03 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" "Азаматтық қорғау туралы" Заңдарына 48-бабына және №50-бабы 2) тармағының 2 тармақшасына, және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылы 10 мамырдағы №240 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сынаптамасын белгілеу туралы" бұйрығына, сондай-ақ Шет ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссияның 2026 жылдың 24 тамызындағы кезектен тыс отырысының №11 хаттамасына, Мойынты кенті, Иманов көшесі, 7А мекенжайында орналасқан екі қабатты 8 пәтерлі тұрғын үйде болған өрт салдарынан туындаған жағдайға сәйкес ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты Мойынты кенті аумағында 2026 жылдың 10 тамыз күні Мойынты кенті, Иманова 7А мекенжайында орналасқан екі қабатты 8 пәтерлі тұрғын үйде орын алған өрттің салдарын жою және объектілік ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюдың басшысы болып Шет ауданы әкімінің орынбасары Қ.Б. Садықов тағайындалсын және төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шет ауданының әкімі

М.Мұхтаров